

ӘОЖ 327

GTAMP 11.25.95

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.61.3.014>

РЕСПУБЛИКАНИЗМ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТҮРКІ ТІЛДЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Исаева М.И.¹, Амребаев А.М.², *Джекебаева М.А.³

^{1,2} ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы, Қазақстан

^{*3} Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Адамзат тарихында ежелгі дәуірден бастап алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бері оларды ұйымдастырудың белгілі бір формасының қажеттілігі туындады. Адамзат тарихының белгілі кезеңдерінде монархиялық және республикалық сипаттағы екі негізгі басқару формасы қалыптасты: Монархияның пайда болған уақыты тұрғысынан алғашқы қалыптасқан билік формасы болса, республиканың айырмашылығы басқару формасы ретінде әлемдік саяси картаның басым көпшілік елдерде көрініс тапқан. «Республика» ұғымы ғасырлар бойы ғылым саласында ең көп зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Республика түсінігі ежелгі грек қала-мемлекеттерінен бастап қазіргі замануи мемлекеттерге дейінгі кезеңдерде бостандық, теңдік және демократия түсініктерімен тығыз байланысты болды.

Сондай ақ мақалада Орталық Азия Түркі Тілдес Мемлекеттерінің тәуелсіздік алған жылдардағы басқару нысаны ретінде республика ретінде жариялануы, республикалық басқару формасының Конституцияларында бекітілуі, бұл республикалардағы Конституциялық реформалар және осы реформалар нәтижесінде билік өкілділіктерінің қайта бөлінуі, Президент құзыреті мен Парламент құзыреттеріне кезектесіп басымдылық берілгендігі және аталған елдердің мемлекеттік құрылымына салыстымалы талдау жасалынады.

Мақаламызда республика тұжырымдамасының анықтамасы, республика түсінігінің қалыптасу тарихы, республикалық басқару формасының тарихы, республикалық басқару формасының түрлері және ерекшеліктері, республиканың саяси құбылыс ретінде тарихи дамуы, республикалық басқару нысанының негізгі белгілері және республикалық басқару формасының артықшылықтары мен кемшіліктерімен қатар Орталық Азия Түркі Тілдес Мемлекеттерінің тәуелсіздік алған жылдардағы мемлекеттік құрылымының қалыптасу туралы да аталып өтіледі.

Тірек сөздер: Республика, басқару нысаны, егемендік, тәуелсіздік, Орталық Азия, Түркі тілдес Республикалары, конституция, конституциялық реформалар

Қаржыландыру: Мақала BR27195711 «Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер (1980-2020 ж.): демократияландыру тәжірибесі және әділетті мемлекетті қалыптастыру» ғылыми жоба зерттеуінің аясында жазылған.

Кіріспе

«Республика» сөзі (латынша *res publica* - қоғамдық іс) мемлекеттегі жоғарғы биліктің белгілі бір мерзімге сайланған мемлекеттік құрылымның нысаны дегенді білдіреді және басқарудың сайланбалы түрі болып табылады [1, 41]. Ежелгі дәуірде грек-латын тілдерінде республика сөзі «*res publica*», яғни қоғамдық зат, халықтың заты мағынасын берген [2, 231]. Ежелгі Грецияда мемлекет «*site*», ал ежелгі Римде «*sivitas*» немесе «*respublika*» деген атаумен белгілі болған [3, 133]. Уақыт өте келе орта ғасырлардың соңында монархиялық емес мемлекеттерді сипаттау үшін қолданыла бастаған «республика» термині ғылым тарихында саяси режимді немесе саясаттың нысанын немесе мәнін білдірді [2, 232]. «Республика» сөзі латын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «ортақ игілік», «ортақ іс», «ортақ меншік» дегенді білдіреді. Республика – ортақ істерді шешуге еркін адамдардың кең тобының қатысуымен сипатталатын «полис» немесе «саясат» түсінігі мазмұнымен сәйкес келді [4, 37].

Ежелгі грек ойшылдарының пайдаланған терминдерінің латыншаға аударылуы Еуропада кеңінен қолданыла бастаған жаңа терминнің пайда болуына әкелді [4, 38]. Ж. Ж. Руссо «республика» сөзі қандай формада болса да, кез-келген құқықтық мемлекетке қатысты деп санайды [2, 231]. Боден мемлекетті, яғни «республиканы» – көптеген отбасылардың әділетті үкіметі және олардың егемендік билігі бар ортақ мүдделері деп түсіндіреді. [4, 39]. Никколо Макиавелли болса республиканы монархиядан ерекшеленетін мемлекет формасы ретінде ажыратады. Макиавеллидің еңбектерінде Республика идеясы қоғамдық, ұжымдық, егеменді және заңға негізделген органдардың қызметімен байланыстырылды. Д. Харрингтондің пікірінше кез-келген республика ақсүйектердің ықпалына тежеу бола алатын саяси биліктің теңгерімді және біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету үшін жерді (меншікті) әділ бөлуді талап етеді [2, 231]. Руссоның тұжырымдамасындағы республика – бұл саяси құқықтары бар барлық азаматтар өкілдердің қатысуынсыз бірінші адамның басқару істеріне қатысатын тікелей демократияның бір түрі. Республикалық басқару формасының монархиядан айырмашылығы – мемлекет басшысының белгілі бір мерзімге сайланатындығы және алмастырылатындығымен сипатталады [5, 34]. Республикалық басқару формасы монархиялық биліктен ерекшеленетін, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, бостандығы және заң алдындағы жауапкершілігі қағидаттарымен ерекшеленеді мемлекеттік құрылымның негізгі нысандарының бірі [6, 169].

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Соңғы мәліметтерге сүйенсек қазіргі уақытта республика атауы 220 мемлекеттің 128-нің ресми атауына енген. Бірақ республиканың ресми атауларына қарамастан бұл республикалардың арасында биліктің конституциялық монархия, патшалықтар, князьдіктер мен герцогтықтар секілді түрлері де бар. Республикалық биліктің әр түрлі елдерде әр түрлі кезеңдерде қалыптасты және мемлекеттік құрылымның әртүрлі атаулары мен формалары бар [1, 48]. XIX-XX ғасырларда көптеген елдер монархиялық биліктен республикалық басқару формасына көше бастады. Ұлтшыл қозғалыстардың өсуі, отарсыздандыру және бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғыстардың салдары Еуропада, Азияда, Африкада және Латын Америкада Республикалық мемлекеттердің құрылуына ықпал етті [6, 170].

Республикалық басқару формасының қысқаша тарихы

Республика Ежелгі Греция мен Римде пайда болған және басқарудың бұл түрінде азаматтардың саяси өмірге қатысу, өз өкілдерін сайлау және маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдау мүмкіндігі болды. Ежелгі Римде республикалық басқару формасы – Сенат, консулдық және халық жиналыстарының жүйесінен тұрды. Рим республикасында сайланған лауазымды тұлғалар мен сенаторлар билік пен міндеттерді бөліскен күрделі жүйені құрады. Рим Республикасы саяси процестер мен жеке құқықтарды қорғауды реттейтін жазбаша түрдегі Конституциялар мен құқықтық кодекстер қолдану арқылы заңның үстемдігіне баса назар аударды. Римде Сенат кеңесші орган ретінде қызмет етті, ал халық жиналыстары азаматтарға шешім қабылдауға қатысуға мүмкіндік берді [6, 171]. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда Цицеронның Республика туралы пайымдауы құқықтық сипатта болды. Цицерон үшін *res publica*, ең алдымен, *res populi*: «Республика – бұл «халықтың жұмысы», ал халық – қандай-да бір жолмен біріктірілген адамдар тобы емес, заңның мен мүдделер қауымдастығымен байланысты көпшілік». Ницшенің пікірінше, халық дегеніміз, «заң» немесе «жалпы заңнама» (*iuris consensus*) төңірегінде «консенсусты» қолдайтын «мүдделер қауымдастығы» біріктірген адамдар тобы немесе «көпшілік». Демек, қоғам өмірінің мүмкіндігінің шарты болып табылатын заңдарсыз республиканы елестету мүмкін емес. Грек ұғымының латынша аудармасы «*politeia*» болды, яғни «*res publica*» (республика). Ежелгі Грекияда республика түсінігі – халықтың басқаруға қатысуына кепілдік бере отырып, бостандық пен әділеттілікке негізделген саяси режим. Аристотельдің теориясына сәйкес, егер басқарудың таза формалары (монархия, аристократия және республика) қоғамдық игілікке немесе «қоғамдық мүддеге» (*res publica*) сәйкес және заңға құрметпен басқарылатын болса, онда олар әділ немесе жақсы формалар болып табылады. Егер, керісінше, басқару үстем таптың мүдделеріне сәйкес жүзеге асырылса, онда мұндай басқару нашар формалар (тирания, олигархия және демократия) болып есептеледі. [2, 234-235]. Орта ғасырларда кеңестер мен сайланған органдар арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік билік түрі – Венеция және Генуя сияқты республикалардың

коммуналары пайда болды. Бұл кезеңдегі қала-мемлекеттерде көбінесе билік байлардың қолында шоғырланған көпес отбасылар немесе ақсүйектер элитасына тиесілі олигархиялық сипатта болды. Кеңестер мен жиналыстардан тұратын Республикалық институттар шектеулі түрде болса да азаматтарға басқаруға қатысуға мүмкіндік берді [6, 171]. Қайта өрлеу дәуірінде Республика ұғымының мазмұны абсолютті монархияларды сынау нәтижесінде өзгеріске ұшырады. Қазіргі уақытта республика өкілді үкімет деп аталады және басқарудың бұл түрінде мемлекет басшысының немесе Президенттің билігі азаматтардың сайлауы арқылы жүзеге асады. Республиканың монархиядан айырмашылығы халықтық егемендікке негізделген мемлекет формасы немесе сеніп тапсырылған өкілді билік [2, 232]. Ағарту дәуірінде өзін-өзі басқарудың және шектеулі үкіметтің маңыздылығын туралы Америка Құрама Штаттарының негізін қалаушылары Томас Джефферсон мен Джеймс Мэдисонның доктриналарында көрініс тапты [6, 172].

Республикалық басқару нысанының қағидаттары, белгілері, түрлері

Республикалық басқару нысанының қағидаттары мемлекеттегі тұрақтылықты, әділдікті және заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Республикалық басқару нысанының негізгі қағидаттары төмендегідей:

1. Биліктің бөлінуі, яғни республикалық форманың маңызды қағидасының бірі билік арасында заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің өкілеттіктерінің бөлінуі. Бұл қағидат бір адамның немесе бір органның қолында биліктің шоғырлануын болдырмауға және тепе-теңдік пен тежеу жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Заңның үстемдігі принципі – әділетті қоғамның негізі ретінде қызмет ететін қағида. Бұл тұжырымдамаға сәйкес барлық адамдар, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер және мекемелер ерікті билікке емес тек заңға бағынады және заң алдында жауапты болады. Заңның үстемдігі – заңдардың кемсітусіз және дәйекті және әділ қолданылуын сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ ешкім заңнан жоғары емес екендігіне сүйенеді.

3. Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау принципі – құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі. Бұл принцип мемлекет пен оның органдарының әрбір адамның жағдайына, мәртебесіне, нәсіліне, дініне немесе наным-сенім түріне қарамастан олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды міндеттейді.

4. Жариялылық принципі – мемлекеттік органдар, қоғамдық институттар және коммерциялық ұйымдар қызметінің жұртшылық алдында ашықтығын, сондай-ақ азаматтарға ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді [6, 175].

Биліктің аталған принциптері республикалық басқару нысанының тиімді және әділ басқаруды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта республиканың негізгі белгілері төмендегідей:

– мемлекет басшысын халықтың белгілі бір мерзімге сайлауы;

- мемлекет басшысының және жоғары билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігі;
- биліктің бөліну принципі, оның негізінде мемлекеттің жоғарғы органдары құрылады;
- қоғамдық тәртіпті реттейтін құқықтық нормалардың болуы;
- мемлекет пен қоғамның өзара әрекеті.

Алайда, бұл белгілердің кейбірі ғана (сайлау және құқықтық нормалардың болуы) барлық тарихи кезеңдердегі басқарудың республикалық формасына тән болды [7, 60]. Салыстырмалы тарих әдіснамасы республиканы талдау зерттеудің негізгі тәсілдерінің бірі болып қала береді. Әдебиеттерге шолу теориялық көзқарастардың әртүрлілігін көрсетеді. Контекстіндегі республика тұжырымдамасының қалыптасуы және Орталық Азия түркі тілдес Республикаларының мемлекеттік билік құрылымы туралы эмпирикалық зерттеулерге терең талдау жасау саяси процестердің жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейлері арасындағы, сондай-ақ институционалдық инновациялық механизмдерді әртүрлі ұлттық контексте зерттеу сияқты әрі қарайғы зерттеулердің перспективалық аймағы болады.

Нәтижелер

Қазіргі уақытта республикалардың бес түрі бар: парламенттік, президенттік, аралас, кеңестік және теократиялық [7, 55]. Парламенттік республикада – мемлекеттік билікте Парламент басымдылыққа ие болады. Президенттік республикада – Президентті халық тікелей сайлайды. Президент Мемлекет басшысы болып табылады және атқарушы биліктің бақылау функцияларын орындайды, министрлер мен басқа да жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындайды, сондай-ақ халықаралық қатынастарда елдің атынан өкілдік етеді. Аралас республика парламенттік және президенттік басқару формаларының белгілері аралас болады [5, 35]. Кеңестік саяси жүйе 1924, 1936 және 1977 жылдардағы Конституциялармен дамыды және бекітілді. Кеңестік жүйеде партия мемлекеттік аппаратпен біріктірілді және демократиялық құқықтар мен бостандықтар шектелді. Бұл белгілер мемлекеттік-қоғамдық дамуға кері әсерін тигізіп нәтижесінде 1991 жылы КСРО-ның ыдырауына алып келді. Таяу Шығыстағы ислам республикаларында мемлекеттік басқару ислам дінбасыларына тиесілі теократиялық республикалар болып табылады. Ислам республикасындағы заңдар негізінен шариғатқа негізделген. Теократиялық мемлекеттер өздерінің басқару формасын республикалық деп танытпаса да сайлау және билікті бөлу принциптері «республика» терминін қолдануға мүмкіндік береді [7, 56].

Республиканың белгілі бір формасын таңдау әр мемлекеттің ерекшеліктеріне және оның саяси дамуына байланысты болады. Монархиядан айырмашылығы республикада барлық азаматтардың

құқықтары мен міндеттерінің бірдей болуы, азаматтардың заң алдындағы теңдігінің болуы және осы теңдік арқылы қоғамның әрбір мүшесінің елдің саяси өміріне қатысуға мүмкіндік берілуі жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Республикалық басқару формасында азаматтарға әртүрлі лауазымдарды таңдауға, саяси шешімдерді қабылдауға қатысуға және Үкіметтің іс-әрекетін бақылауға мүмкіндік беріледі. Республикалық басқару формасын сипаттайтын негізгі белгілері бар. Өкілдік аталған белгілердің бірі болып табылады. Республикалық басқару нысаны азаматтардың мүдделерін қорғайтын, халықтың еркі мен қоғамдық пікірді көрсететін шешімдер қабылданатын сайланбалы билік органдарынан – парламенттерден, конгрестерден немесе ұқсас құрылымдардан тұрады. Бұндай жүйе халықтың аз өкілді немесе осал топтарының құқықтарын қорғайды және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер береді. Республиканың тағы бір белгісінің бірі билік органдарының азаматтар алдындағы жауапкершікте болуы. Республика – халықтың өз көшбасшыларын сайлауы және оларға елді басқару үшін өкілеттіктерін тапсыруы, демократияны дамытуы, адам құқықтарын қорғауы және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге ықпал ететін басқару нысаны болып табылады [6, 176].

Орталық Азия Түркі Тілдес Мемлекеттердің Республикалық басқару нысанының ерекшеліктері

Жиырмасыншы ғасырдың соңында әлемдік саяси картаға жаңа тәуелсіз республикалар тізбегі қосылған болатын. Сол жаңа тәуелсіз республикалардың қатарын Орталық Азия Түркі Тілдес Республикалары да толықтырды, атап айтсақ: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан Республикалары. Жаңа Республикалардың басты заңы болып табылатын Конституцияларында бұл мемлекеттердегі биліктің республикалық нысандағы басқару формасы екендігі бектілді.

КСРО-ғатәуелдібарлықавтономиялықжәнеодақтасреспубликалардың конституциясы КСРО-ның федералдық конституциясына сәйкес болды. КСРО-ның соңғы Конституциясы 1977 жылы 7 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясының тоғызыншы отырысында қабылданып, сәйкесінше 1978 жылы одақтас республикалар да өз Конституцияларын қабылдады. Одақтас республикалар КСРО Конституциясы негізінде құрылғанымен, әрбір одақтас республиканың КСРО Конституциясына енгізілмеген өзінің арнайы баптары болды, яғни КСРО-ға тәуелді республикалардың Конституциясы елдің экономикалық, тарихи, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, КСРО Конституциясына қайшы келмейтіндей етіп жасалған [8, 104].

Талқылау

КСРО кезеңіндегі Орталық Азия Түркі Тілдес Республикаларының соңғы конституциясы, ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі қолданыстағы Конституциялар негізгі қайнар көзі болады. Тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда Орталық Азия Түркі Тілдес Республикаларының төл Конституциялары қабылданды: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан

Республикасының Конституциясы, Қырғызстан Республикасының 2021 жылғы 11 сәуірдегі Конституциясы, Өзбекстан Республикасының 1992 жылғы 8 желтоқсандағы Конституциясы және Түркіменстан Республикасының 1992 жылғы 18 Мамырдағы Конституциясы қабылданды [8, 105].

Орталық Азия Түркі Тілдес Республикаларының Конституцияларындағы мемлекеттік құрылымның басқару нысанына қатысты Конституциядағы өзгерістерге тоқталатын болсақ төмендегідей:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы 1998 жылғы 7 қазанда, 2007 жылғы 21 мамырда, 2011 жылғы 2 ақпанда, 2017 жылғы 10 наурызда, 2019 жылғы 23 наурызда және 2022 жылғы 5 маусымда өзгертулер енгізілді. Жоғарыда аталған Конституциялық өзгертудің кейбір баптары республикадағы мемлекеттік биліктің бағытын өзгерте де негізделген еді. Атап айтсақ, 2017 жылғы өзгерістер негізінен Президенттік, Парламенттік және Үкіметтік өкілеттіктерді қайта бөлумен байланысты болды. Президенттің әлеуметтік-экономикалық салалардағы өкілеттіктердің көп бөлігі Үкіметке берілді. Яғни, бұл Конституциялық түзету Парламенттің үстемдігін нығайтуға бағытталған. Сондай-ақ, 2022 жылғы 5 маусымдағы жүзеге асқан референдумда Конституциялық реформа бес негізгі бағыт бойынша жүргізілді: биліктің өкілеттіктерін қайта анықтау, суперпрезиденттік мемлекеттен күшті парламенттік мемлекетке көшу, парламенттің рөлін күшейту, халықтың қатысуын қамтамасыз ету. үкіметте және азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдік беру мақсатында Конституциялық Сот құру [8, 124].

Қырғызстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап алты Конституция қабылданды. 1993, 1996, 2003, 2006, 2010 және 2021 жылдары Қырғызстан Республикасында жаңа конституциялар қабылданды. Қабылданған Конституцияларға 1994, 1998, 2001 және 2016 жылдары түзетулер енгізілді. Қырғызстан Республикасындағы Конституциялық өзгерістің маңызды кезеңдері келесідей: 1994 жылы 22 қазанда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде Қырғызстан Республикасының бір палаталы Парламенттің екі палаталы Парламентке ауысты; 1996 жылы 10 ақпанда Конституциялық түзетулер бойынша референдум нәтижесінде Парламенттің құқықтары шектеліп, Президенттің құқықтары күшейтілді; Қырғызстан Республикасының 2006 жылғы қабылданған Конституциясында Қырғызстан Республикасының билік формасының президенттік жүйеден парламенттік жүйеге көшуі болды; 2010 жылғы 27 маусымда референдумда Қырғызстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, елде аралас, яғни парламенттік-президенттік басқару нысаны бекітілді; 2020 жылдың 11 сәуірінде Конституциялық түзету референдум арқылы енгізіліп, күшті президенттік жүйені қабылдады. 2021 жылдың 5 мамырында жаңадан қабылданған Қырғызстан Конституциясына сәйкес президенттік биліктің күшейтілуімен ерекшеленеді [8, 132].

Өзбекстан Республикасының Конституциясы 1992 жылдың 8 желтоқсанында қабылданды. Бұл Конституцияға 1993 жылдың 28

желтоқсанында, 2003 жылдың 24 сәуірінде, 2007 жылдың 11 сәуірінде, 2008 жылдың 25 желтоқсанында, 2011 жылдың 18 сәуірінде, 2011 жылдың 18 сәуірінде және 12 желтоқсанында, 2014 жылдың 16 сәуірінде және 2021 жылдың 8 сәуірінде қайта түзетулер және толықтырылулар енгізілді Конституцияға түзетулер мен толықтырулардың республикалық билікке қатысты тұстары келесідей: 2007 жылдың 11 сәуірдегі Өзбекстан Республикасының Конституциясындағы түзетулерге сәйкес Өзбекстан Республикасы Президентінің құзырет аясы кеңейтіледі; Өзбекстан Республикасының 2011 жылғы 18 сәуірдегі Конституциялық өзгерістер мемлекеттік биліктің үш тармағы арасында теңгерімді бөлінуін қамтамасыз етуге бағытталған. Өзбекстан Республикасының 2014 жылғы 16 сәуірдегі Конституциялық түзетулерге сәйкес билік пен басқару жүйесін одан әрі демократияландыру, «күшті мемлекеттен күшті азаматтық қоғамға» көшу қағидатын кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Әли Мәжілісі палаталарының жауапкершілігін, олардың ішкі және сыртқы саясаттың стратегиялық міндеттерін орындаудағы құқықтары мен өкілеттіктерін арттыруға, жоғарғы заң шығарушы органның, өкілді органдардың функцияларын күшейтуге бағытталған [8, 139].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Түркіменстан Республикасының Конституциясы, 1995, 1999, 2003, 2006, 2008, 2016, 2020 және 2021 жылдары Конституциялық реформаның әртүрлі кезеңдерінен өтті. Бұлардың әрқайсысы түрікмен қоғамы мен мемлекетінің оның дамуы мен жетілуіне деген қоғамдық-саяси және құқықтық қажеттіліктерінен туындады. Аталған өзгерістің мемлекеттік басқару нысынына байланысты тұстары келесідей: 2003 жылы Түркіменстан Республикасының Конституциясындағы енгізілген өзгерістер нәтижесінде Түркіменстан Халық Мәслихатының рөлі мен беделі айтарлықтай өсті. Түркіменстан Республикасының Конституциясына 2008 жылғы 26 қыркүйекте енгізілген түзетулер Түркіменстанның жоғары мемлекеттік билігі мен басқару жүйесі ішінара жетілдірілді. Түркіменстанның уақытша Сенімді Өкілінің өкілеттіктері Түркіменстан Президенті мен Мәжіліс (Парламент) арасында бөлініп, заң шығарушы және атқарушы органдардың функцияларын ашты. 2016 жылдың 14 қыркүйегінде конституциялық түзетулерге сәйкес президентке президенттік қызметті өмір бойы атқару құқығы берілді. 2020 жылғы 25 қыркүйектегі Конституцияға енгізілген маңызды түзетулердің бірі – Түркіменстанда екі палаталы парламенттің қабылдануы болды. Түркіменстанның жаңа екі палаталы Парламенті Түркіменстанның Милли Генгеші (Ұлттық Кеңесі) деп аталды. Милли Генгеш заң шығарушы билікті жүзеге асыратын екі палатадан, Халық Жиналысынан және Ассамблеядан тұрады [8,145].

Тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары Орталық Азия Түркі Тілдес Республикалары (Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Түркменстан Республикасы) Егемендік Декларациясы мен Тәуелсіздік туралы Заңдарын/Декларацияларын қабылдады:

- 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ

ССР-ның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын» қабылдайды [9]. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданады [10].

- 1990 жылдың 20 маусымында Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесінде «Өзбек ССР-ның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» қабылданады [11], 1991 жылдың 31 тамызында «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің негіздері туралы» заң қабылданып [12], осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап Өзбекстан Республикасы күні аталып өтіледі.

- 1990 жылдың 15 желтоқсанында «Қырғызстан Республикасының егемендігі декларациясы» қабылданды [13], ал 1991 жылдың 31 тамызында «Қырғызстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларация» қабылданып [14] және осы күні Қырғызстан Республикасы Күні мерекеленеді.

- 1990 жылдың 22 тамызында Түрікмен КСР Жоғарғы Кеңесінде «Түрікмен ССР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» қабылданады, 1991 жылдың 27 қазанда «Түркменстанның тәуелсіздігі және мемлекеттік құрылымның негіздері туралы» конституциялық заң қабылданды [16] және осы күні Республика Күні тойланып келген. 2018 жылдан бастап Түркменстан Республика Күні 27 қыркүйекке ауыстырылды.

Жоғарыдағы мәлеметтерден көріп отырғанымыздай посткеңесттік елдерде (Түркі Тілдес Республикаларда) Егемендік Декларациясы қабылданған тарихы мен Тәуелсіздік туралы заңның қабылдаған тарихы әртүрлі. Бұл екі құжат та құқықтық негізі бар құжат. Аталған Республикалардың басымы тәуелсіздік туралы заңның қабылдаған күнін «Республика күні» деп атап өтеді. Қазақстан Республикасы «Республика Күні» ретінде Республиканың Егемендігі Декларациясының қабылдауымен байланысты мерекелейді. Қазақстанның ерекшелігі сол Республика күнінің мен Тәуелсіздік Күнінің жеке аталып өтілуінде. Тәуелсіздік күні тарихи тағдырлас көрші елдерде Республика күні ретінде жалпыхалықтық сипатта мерекеленіп, барлық салтанатты іс-шара сол бағытта жүзеге асса, Қазақстан жағдайында бұл салтанаттың екі рет мерекеленуінде. Жоғарыдағы аталған елдерде «Республика Күнінде» тәуелсіздік дәріптелген салтанатты іс шаралар жүзеге асып жатса, Қазақстанда «Тәуелсіздік Күні» жеке мейрам болғандықтан, бұл күні тек «мемлекеттік рәміздер» мен «Республика» құндылық ретінде дәріптеледі. Кез келген мемлекеттік мерекенің негізделген бір идеологиясы болғаны сияқты осы тұрғыда идеологияны күшейту шаралар аясын кеңейту ұсынылады. Жобаның зерттеу аясында қоғамның түрлі салаларында (білім және ғылым жүйесі; мәдениет; ақпараттық-идеологиялық қызмет; өндірістік салалар; құқық қорғау жүйесі; қауіпсіздік және қорғаныс саласында) Республика Күнін мерекелеудің тұжырымдамалық ұсыныстарын іске асыру бойынша ұсынымдар дайындау мақсатталады.

Қорытынды

Тарих бойынша әлемнің түрлі аймақтарының тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктеріне қарай республикалық басқару нысандарының әртүрлі түрлері дамыды. Ежелгі дәуірлерде республикаларда еркін азаматтар ғана саяси құқықтарға ие болды. Орта ғасырларда басқарудың республикалық нысандарының үлгілерінде феодалдардың үстем тап өкілдеріне тиесілі болды. 20 ғасырда биліктің арнайы өкілді органдарға тиесілі басқару нысаны пайда болды.

Жоғарғыдағы аталып өткен республикалық басқару формасының түрлі ерекшеліктерін негізге ала отырып артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар екендігін атап өткен жөн. Саяси тұрақсыздық республиканың негізгі кемшіліктерінің бірі ретінде саналады. Республикада әртүрлі пікірлер мен мүдделердің болуы, партиялық келіспеушіліктер, саяси күштер арасындағы қақтығыстарды туғызуға ықтималы бар. Бұл құбылыс республикада саяси тұрақсыздыққа және Үкіметтің жиі өзгеруіне, нәтижесінде елдегі республиканың рөлінің әлсіреуі, қоғамдық өмір және азаматтар үшін белгілі бір қолайсыздықтардың тууындауы, елдің ұзақ мерзімді стратегияларының жүзеге асуының баяулауы және халықтың сенімін төмендетуі мүмкін [6, 177]. Республикалық басқару нысанының артықшылығы ретінде мақаламыздың басында атап өткен ерекшеліктерін (биліктің бөлінуі, заңның үстемдігі, жариялылық және т.б.) жатқызуға болады.

Мақаламызға арқау болған Орталық Азия Түркі Тілдес мемлекеттерінде республикалық басқару формасының қалыптасуы да күрделі процесстен өтті деп бағаласақ болады. Аталған төрт республиканың да Конституциясының жиі өзгеруі, оның ішінде мемлекеттік басқару формасының өзгертуі (Қырғызстан), Конституциялық өзгертулер мен толықтыруларда Президент пен Парламенттің өкілеттіліктерінің кезекпен басымдылық беріліп өзгеруі (Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан) республикалық басқару формасындағы түрін нақтыланбағандығы деп бағаласақ болады. Дегенмен аталған республикалардағы соңғы уақыттағы конституциялық реформаларда Президенттің өкілеттілегін таралтып Парламенттің өкілеттілігін кеңейтілген көріністі байқай аламыз. Сондай-ақ, бұл республикаларда Конституциялық реформалардың референдум арқылы жүзеге асуы республиканың қажетті қағидаларының бірі болып табылатын демократиялық жолмен жүзеге асуын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Габитов М.Р. Исторические основы республиканской формы правления. Теория и история государства и государственности // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. -2011. - № 4(24). <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-osnovy-respublikanskoy-formy-pravleniya>

[2] Ахмаров А.В. Определение понятия «Республика» и философия права // Наука. Искусство. Культура. – 2024. - № 4 (44)ю. - С. 230-237. <https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-kontsepta-respublika-v-filosofii-prava>

[3] İba Şeref, TÜRK ANAYASA HUKUKU. - Ankara: Turhan Kitabevi, 2018.

[4] Мартышин О.В. К истории формирования понятия «государство» // Вестник юридической науки. – 2011.- № 2. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-istorii-formirovaniya-ponyatiya-gosudarstvo>

[5] Сапарғалиев Ғ., Ибраева А., Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: Жеті Жарғы, 1998.

[6] Коршунова В.А. Республика как форма правления: принципы, историческая форма, виды, друзья и потребности // Вестник науки. – 2024. - № 2 (71). – С.169-177. <https://cyberleninka.ru/article/n/respublika-kak-forma-pravleniya-printsipy-istoricheskie-formy-vidy-dostoinstva-i-nedostatki>

[7] Головастова Ю.А., Видова Т.А. Исторические разновидности и характеристики республиканской формы правления, конституционного и муниципального права // Вестник Московского университета имени С.Ю. Витте. Серия 2. Юридические науки. - 2019. - № 1 (19). – С. 55-62. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-raznovidnosti-i-harakternye-cherty-respublikanskoy-formy-pravleniya>

[8] Issayeva M. ORTAASYA TÜRK DEVLETLERİ ANAYASALARINDA HUKUK DEVLETİ ANLAYIŞI: Doktora Tezi. - Ocak 2023.

[9] О Декларации о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики: Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 25 октября 1990 г. № 307-XII. https://adilet.zan.kz/rus/docs/B900001700_

[10] О государственной независимости Республики Казахстан: Конституционный закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 года, https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910004400_

[11] Декларация о суверенитете. Верховный Совет Узбекской ССР. 20 июня 1990 года, <https://lex.uz/docs/185389>

[12] Закон Республики Узбекистан от 31 августа 1991 года № 336-XII «Об основах государственной независимости Республики Узбекистан». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30488588

[13] Закон Республики Кыргызстан от 15 декабря 1990 года № 273-XI «Декларация о государственном суверенитете Республики Кыргызстан». <https://cbd.minjust.gov.kg/205081/edition/714644/ru>

[14] Декларация Республики Кыргызстан от 31 августа 1991 года № 578-XII «О государственной независимости Республики Кыргызстан». <https://cbd.minjust.gov.kg/913/edition/283835/ru>

[15] Хайтов А. Суверенитет Туркменистана является важной вехой в истории страны, <https://sng.fm/ashkhabad/14716-haitov-suverenitet-turkmenistana-vazhnaja-veha-v-istorii-strany.html>

REFERENCES

[1] Gabitov M.R., Istoricheskie osnovy respublikanskoj formy pravlenija. Teorija i istorija gosudarstva i gosudarstvennosti [Historical foundations of the republican form of government. Theory and history of the State and statehood] str.

41-51. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-osnovy-respublikanskoy-formy-pravleniya> [in Russ.]

[2] Ahmarov A.V., Opredelenie ponjatija «Respublika» i filosofija prava, Nauka. Iskustvo. Kul'tura. [Definition of the concept of “Republic” and philosophy of law, Science. Art. Culture]. Vypusk 4 (44) 2024, s. 230-237. <https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-kontsepta-respublika-v-filosofii-prava> [in Russ.]

[3] İba Şeref, TÜRK ANAYASA HUKUKU. Ankara: Turhan Kitabevi, 2018. [in Turk]

[4] Martyshin O.V., K istorii formirovaniya ponjatija «gosudarstvo», vektor juridicheskoy nauki, [On the history of the formation of the concept of “the state”, Vector of Legal science], ul. 37-48., <https://cyberleninka.ru/article/n/k-istorii-formirovaniya-ponyatiya-gosudarstvo> [in Russ.].

[5] Sapargaliev Ğ., İbraeva A., Memleket jāne qūqyq teoriasy [Theory of state and law], Almaty, Jetı Jarǵy, 1998. [in Kaz.]

[6] Korshunova V.A., Respublika kak forma pravleniya: principy, istoricheskaja forma, vidy, druž'ja i potrebnosti, [The Republic as a form of government: principles, historical form, types, friends and needs]. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «VESTNIK NAUKI» № 2 (71) Tom 3. fevral' 2024. Str. 169-177. <https://cyberleninka.ru/article/n/respublika-kak-forma-pravleniya-principy-istoricheskie-formy-vidy-dostoinstva-i-nedostatki> [in Russ.]

[7] Golovastova Ju.A., Vidova T.A. Istoricheskie raznovidnosti i harakteristiki respublikanskoy formy pravleniya, konstitucionnogo i municipal'nogo prava [Historical varieties and characteristics of the republican form of government, constitutional and municipal law] // Vestnik Moskovskogo universiteta imeni S.Ju. Vitte. Seriya 2. Juridicheskie nauki. 2019. № 1 (19), pp. 55-62. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-raznovidnosti-i-harakternye-cherty-respubli-kanskoy-formy-pravleniya> [in Russ.]

[8] Issayeva Meiramkul, ORTA ASYA TÜRK DEVLETLERİ ANAYASALARINDA HUKUK DEVLETİ ANLAYIŞI, Doktora Tezi, Ocak 2023. [in Turk].

[9] «O Deklaracii o gosudarstvennom suverenitete Kazahskoj Sovetskoj Socialisticheskoy Respubliki», Postanovlenie Verhovnogo Soveta Kazahskoj SSR ot 25 oktjabrja 1990 g. [On the Declaration of State Sovereignty of the Kazakh Soviet Socialist Republic”, Resolution of the Supreme Council of the Kazakh SSR] № 307-XII. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B900001700> [in Russ.]

[10] «O gosudarstvennoj nezavisimosti Respubliki Kazahstan» Konstitucionnyj zakon Respubliki Kazahstan ot 16 dekabrja 1991 goda, [On the State Independence of the Republic of Kazakhstan” The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated December 16, 1991] <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910004400> [in Russ.]

[11] «Deklaracija o suverenitete», prinjataja na vtoroj sessii Verhovnogo Soveta Uzbekskoj SSR 20 ijunja 1990 goda, [The “Declaration of Sovereignty”, adopted at the second session of the Supreme Soviet of the Uzbek SSR on June 20, 1990], <https://lex.uz/docs/185389> [in Russ.]

[12] Zakon Respubliki Uzbekistan ot 31 avgusta 1991 goda № 336-XII «Ob osnovah gosudarstvennoj nezavisimosti Respubliki Uzbekistan» [The Law of the Republic of Uzbekistan dated August 31, 1991 No. 336-XII “On the foundations of the State independence of the Republic of Uzbekistan”], https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30488588 [in Russ.]

[13] Zakon Respubliki Kyrgyzstan ot 15 dekabrja 1990 goda № 273-XI «Deklaracija o gosudarstvennom suverenitete Respubliki Kyrgyzstan», [The Law of the Republic of Kyrgyzstan dated December 15, 1990 No. 273-XI “Declaration of State Sovereignty of the Republic of Kyrgyzstan”], <https://cbd.minjust.gov.kg/205081/edition/714644/ru> [in Russ.]

[14] Deklaracija Respubliki Kyrgyzstan ot 31 avgusta 1991 goda № 578-XII «O gosudarstvennoj nezavisimosti Respubliki Kyrgyzstan» [Declaration of the Republic of Kyrgyzstan dated August 31, 1991 No. 578-XII “On the State Independence of the Republic of Kyrgyzstan”], <https://cbd.minjust.gov.kg/913/edition/283835/ru> [in Russ.]

[15] Haitov: Suverenitet Turkmenistana javljaetsja vazhnoj vehoj v istorii strany [Turkmenistan’s sovereignty is an important milestone in the country’s history], <https://sng.fm/ashkhabad/14716-haitov-suverenitet-turkmenistana-vazhnaja-veha-v-istorii-strany.html> [in Russ.]

РЕСПУБЛИКАНИЗМ И СТРУКТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ РЕСПУБЛИК

Исаева М.И.¹, Амребаев А.М.², *Джекебаева М.А.³

^{1,2} Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК,
Алматы, Казахстан

^{*3} Казахстанско-Российский медицинский университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В истории человечества с древнейших времен до появления первых государств возникла необходимость в определенной форме их организации. В определенные периоды истории человечества формировались две основные формы правления монархического и республиканского характера: в то время как с точки зрения времени возникновения монархии первой формировалась форма правления, отличие республики как формы правления отражалось в странах с преобладающим большинством мировой политической карты. Понятие «Республика» на протяжении веков является одной из наиболее изученных тем в области науки. Понятие республики было тесно связано с понятиями свободы, равенства и демократии в период от древнегреческих городов-государств до современных государств.

В статье также делается параллельный анализ провозглашения центральноазиатскими тюркоязычными государствами республики как формы правления за годы независимости, закрепления в конституциях

республиканской формы правления, конституционных реформ в этих республиках и перераспределения властных представительств в результате этих реформ, попеременной приоритетности полномочий Поездидента и парламентских компетенций и государственного устройства этих стран.

В нашей статье, наряду с определением концепции республики, историей становления понятия республики, историей республиканской формы правления, видами и особенностями республиканской формы правления, историческим развитием республики как политического явления, основными признаками республиканской формы правления и преимуществами и недостатками республиканской формы правления, отмечается также о формировании государственного устройства тюркоязычных государств Центральной Азии за годы независимости.

Ключевые слова: Республика, форма правления, суверенитет, независимость, тюркоязычные республики, Центральная Азия, Конституция, Конституционные реформы

Финансирование: Статья подготовлена в рамках исследования научного проекта (BR27195711 «Социально-политические процессы в Казахстане (1980-2020): опыт демократизации и становление Справедливого государства»).

REPUBLICANISM AND STRUCTURE OF STATE POWER OF THE CENTRAL ASIAN TURKIC-SPEAKING REPUBLICS

Issayeva M.¹, Amrebaev A.M.², *Jekebayeva M.³

^{1,2} Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan

*³ Kazakh-Russian medical university, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the history of mankind, since ancient times, since the emergence of the first states, there has been a need for a certain form of their organization. In certain periods of human history, two main forms of government of a monarchical and Republican nature were formed: while the monarchy was the first established form of power in terms of the time of its emergence, the difference between the Republic as a form of government was reflected in the overwhelming majority countries of the world political map. The concept of "Republic" is one of the most studied topics in the field of Science for centuries. The concept of the Republic was closely related to the concepts of freedom, equality and democracy in the period from the ancient Greek city-states to modern states.

The article also analyzes the proclamation of the Turkic-speaking states of Central Asia as a republic as a form of government during the years of independence, the consolidation of the republican form of government in the constitutions, constitutional reforms in these republics and the redistribution of power as a result of these reforms, the priority of the powers of the trainees and the powers of the Parliament, as well as a comparative analysis of the state structure of these countries.

Our article discusses the definition of the concept of the Republic, the history of the formation of the concept of the Republic, the history of the republican form of government, types and features of the republican form of government, the historical development of the Republic as a political phenomenon, the main features of the republican form of government and the advantages and disadvantages of the republican form of government, as well as the formation of the state structure of the Turkic-speaking states of Central Asia during the years of independence.

Key words: Republic, form of government, sovereignty, independence, Turkic-speaking republics, Central Asia, Constitution, Constitutional reforms

Funding: This research has been funded by the research of scientific project (Grant No. R27195711 «Socio-political processes in Kazakhstan (1980-2020): the experience of democratization and the formation of a Fair state»).

Авторлар туралы мәлімет:

Исаева Мейрамкул Ибадуллаевна – PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, e-mail: miraisa777@gmail.com

Амребаев Айдар Молдашович - философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығының директоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: aidar.amrebayev@gmail.com

Джекебаева Мақпал Абиловна – философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Ресей медициналық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: 81makpal@mail.ru

Информация об авторах:

Исаева Мейрамкул Ибадуллаевна – PhD, Научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: miraisa777@gmail.com

Амребаев Айдар Молдашович - кандидат философских наук, Директор центра политических исследований Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: aidar.amrebayev@gmail.com

Джекебаева Мақпал Абиловна – кандидат философских наук, ассоциированный профессор Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан, e-mail: 81makpal@mail.ru

Information about authors:

Issayeva Meiramkul – PhD, Researcher of the Center for Political Studies Institute of Philosophy, Political Science and Religion CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: miraisa777@gmail.com

Amrebaev Aidar Moldashovich, Director of the Center for Political Studies of the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK, Candidate of Philosophical Sciences. Almaty, Kazakhstan, e-mail: aidar.amrebayev@gmail.com

Jekebayeva Makpal – candidate of philosophical sciences, associate professor of Kazakh-Russian medical university, Almaty, Kazakhstan, e-mail: 81makpal@mail.ru

Мақала түсті: 11 Тамыз 2025
Жариялауға қабылданды: 25 Қыркүйек 2025